



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІН ҰЙЫМДАСТЫРУ



МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

ТҮРЛЕРІ

- квест;
- жоба;
- байқау;
- жарыстар;
- көрмелер;
- сахналық қойылым;
- фестиваль;
- концерт;
- жәрмеңкелер және т.б.

ҰСЫНЫМДАР

- ата-аналарды іс-шараларға қатысуға тарту
- ата-аналарға өз идеяларын жүзеге асыруға немесе қалауы бойынша осы іс-шараларды өздері ұйымдастыруға мүмкіндік беру
- репертуарды таңдағанда тәрбиеленушілердің жастарын ескеру қажет

*** Іс-шараларда көрсетілетін сахналық қойылымдардың мазмұнында қатыгездік, дөрекілік және зорлық-зомбылық **болмауы тиіс.**

- сырға салу, қыз қуу, құда түсу, беташар және басқа салт-дәстүрлерді өткізбеу;
- тәрбиеленушілердің жастарына сәйкес келмейтін әндерді қолданбау

ӘЗІРЛЕНДІ

- ✓ Мектепке дейінгі ұйым жағдайында 1 мамыр мерекесін атап өту бойынша **әдістемелік ұсынымдар**
- ✓ Мектепке дейінгі ұйым жағдайында 7 мамыр мерекесін атап өту бойынша **әдістемелік ұсынымдар**
- ✓ Мектепке дейінгі ұйым жағдайында 9 мамыр мерекесін атап өту бойынша әдістемелік ұсынымдар
- ✓ Балабақшамен қоштасу мерекелік іс-шарасы бойынша әдістемелік ұсынымдар
- ✓ Мектепке дейінгі ұйымдарда 1 маусым халықаралық балаларды қорғау күні іс-шарасы бойынша әдістемелік ұсынымдар



www.irrd.kz

ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІН ҰЙЫМДАСТЫРУЫ

1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі

(Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының 14-тармағы,
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы)

Негізгі мақсаты:

сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау

Негізгі бағыттары:

1. балалармен дене шынықтыру-сауықтыру

- таңертенгі жаттығу,
- спорттық және қимылды ойындар,
- шынықтыру шаралары (күн сәулесі және ауа ванналары),
- мерекелік шаралар;

2. Күн тәртібін ұйымдастыру:

- балалардың таза ауада барынша ұзақ болуы
- оқу жүктемесін қысқарту болуы
- режимінің икемділігі

3. сауықтыру және шынықтыру бойынша шараларды ұйымдастыру

- тақырыптық апталар
- ойындар, квесттер, табиғатты бақылау

Негізгі кезеңдер:

1. Ұйымдастырушылық-ақпараттық

- қызметкерлермен жазғы сауықтыру кезеңінде тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, еңбекті қорғау бойынша нұсқау жүргізу,

2. әкімшілік-басқарушылық бақылау

- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- санитарлық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

3. әдістемелік жұмыс

- күн тәртібіндегі шараларды өткізудің тиімді тәсілдерін таңдау (педагог, тәрбиеші);
- педагогтерге қажетті әдістемелік көмек көрсету;
- отбасымен жүргізілетін жұмыс нысандарын анықтау,
- Қажеттілігіне қарай әдістемелік қолдау көрсету;

ӘЗІРЛЕНДІ:

Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

«БАЛАҚАЙЛАР МЕКТЕБІ» МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

МАҚСАТЫ: балаларды бастауыш мектепте оқуға дайындау.

МІНДЕТТЕРІ:

- құзыреттіліктерді дамыту
- мектепте оқуға тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік-психологиялық дайындықты қалыптастыру;
- баланың оқуға ынтасын қалыптастыру;
- баланың білім алуға деген қызығушылығы мен қалауын, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауын дамыту.

«Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлық ұйымдастырылады

Бағдарлама Стандарт талаптарына сәйкес Үлгілік жоспарлар мен Үлгілік бағдарлама негізінде әзірленді.

Баланы ата-аналар өздері тұратын мекен жайға жақын жердегі немесе 1 сыныпқа апаруды жоспарлап отырған жалпы орта білім беру ұйымдарындағы «Балақайлар мектебіне» беруіне болады.

1

апталық оқу жүктемесі **20 сағаттан** аспауы тиіс;

2

бағдарламаны іске асыру мерзімі жазғы кезеңде **1 айды** құрайды;

3

топтардың толықтырылуы- **25 баладан** артық емес;

4

жұмыс тәртібі: аптасына бес күн, күніне - **4-5 ұйымдастырылған іс-әрекет**;

5

ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы - **30 минутты** құрайды, арасында 10 минут үзіліс.